

Қазақстан Республикасы  
Ақпарат және коммуникациялар  
министрінің 2017 жылғы 17  
ақпандағы № 57 бұйрығымен  
бекітілді,  
өзгерістер мен толықтырулар  
Қазақстан Республикасының  
Ақпарат және коммуникациялар  
министрінің 2017 жылғы 20  
қараша, № 401 бұйрығымен енгізілді

**«Хабар» Агенттігі» акционерлік қоғамының  
Директорлар кеңесі туралы  
ЕРЕЖЕ**

**Астана, 2017 жыл**

## 1. Жалпы ережелер

1. «Хабар» Агенттігі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңдарына (бұдан әрі – Заңдар), Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, Корпоративтік басқару кодексіне және «Хабар» Агенттігі» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысына сәйкес әзірленді.

2. Осы Ереже Қоғамның Директорлар кеңесінің (бұдан әрі - Директорлар кеңесі) мәртебесін, қалыптастыру және жұмыс істеу тәртібін, Директорлар кеңесі төрағасының және мүшелерінің құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін айқындайды.

3. Директорлар кеңесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, Қоғамның Жарғысына, Жалғыз акционердің шешімдеріне, осы Ережеге және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

4. Қоғамның Заңдарымен немесе Жарғысымен Қоғамның Жалғыз акционерінің немесе атқарушы органының (бұдан әрі – Басқарма) айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты, сондай-ақ өз құзыреті шегінде Басқарманың қызметіне бақылауды жүзеге асыратын Қоғамның басқару органы Директорлар кеңесі болып табылады.

5. Директорлар кеңесінің қызметі парасаттылық, тиімділік, белсенділік, адалдық және жауапкершілік қағидаттарына негізделеді.

6. Неғұрлым маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін Қоғамда Директорлар кеңесінің комитеттері құрылады, олардың құрамына Директорлар кеңесінің мүшелері және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылар кіруі мүмкін. Директорлар кеңесінің комитетін Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады.

Директорлар кеңесі комитеттерін қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі, олардың саны, сондай-ақ сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі құжатында белгіленеді.

## 2. Директорлар кеңесінің құзыреті

7. Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда Қоғам қызметінің басым бағыттарын және Қоғамның даму стратегиясын айқындау, Қоғамның даму жоспарын бекіту;

2) жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

3) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

4) Жалғыз акционерге Қоғамның өткен қаржы жылындағы таза кірісін бөлу тәртібі және Қоғамның жыл қорытындылары бойынша төлейтін бір жай акциясына есептегендегі дивидендтердің мөлшері туралы ұсынымдар беру;

5) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту, сондай-ақ Қоғамның жылдық есебін алдын ала бекіту;

6) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;

7) Басқарма туралы ережені бекіту;

8) Жалғыз акционермен алдын ала келісім бойынша Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, еңбегіне ақы төлеу және сыйлықақы беру шарттарын айқындау;

9) Директорлар кеңесінің комитеттерін құру, олар туралы Ережелерді бекіту, сондай-ақ

комитеттердің мүшелерін сайлау;

10) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу және сыйлықақы беру мөлшерін, шарттарын айқындау;

11) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;

12) қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміленің нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

13) Басқарманың ұсынуы бойынша Қоғамның даму жоспарларын, Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметінің (бюджеттерінің) жылдық жоспарларын және олардың атқарылуы туралы есептерді бекіту;

14) тізбесін Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту;

15) Жалғыз акционермен алдын ала келісім бойынша штат санын және ұйымдық құрылымды бекіту;

16) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы Ережелерді бекіту;

17) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешім қабылдау, сондай-ақ олардың қызметінің мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

18) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

19) Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;

20) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты айқындау;

21) Қоғамның Жарғысында көзделген жағдайларды қоспағанда, ірі мәмілелерді және жасалуына Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау;

22) Қоғамның даму жоспарларының іске асырылуын бағалауды жүзеге асыру;

23) заңдарда және (немесе) осы Жарғыда көзделген, Жалғыз акционер мен Қоғам Басқармасының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелерді шешу.

8. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешу үшін Басқармаға беруге болмайды.

### **3. Директорлар кеңесі мүшелерінің құқықтары мен міндеттері**

9. Директорлар Кеңесінің мүшелері құқығы бар:

1) лауазымға шексіз рет қайта сайлану;

2) Директорлар кеңесін шақыру туралы талап қою;

3) Директорлар кеңесі қарайтын күн тәртібіндегі мәселелер бойынша өз пікірін білдіру (Директорлар кеңесі қабылдаған шешіммен келіспеген жағдайда, Директорлар кеңесінің мүшесі өз көзқарасын (ерекше пікір) жазбаша түрде баяндауға құқылы);

4) Директорлар кеңесінің, Басқарманың және жалпы Қоғамның жұмысын ұйымдастыруды жақсарту мақсатында ұсыныстарды Кеңестің қарауына енгізу;

5) Басқарма Төрағасынан Қоғам қызметінің барлық аспектілері бойынша ақпарат пен құжаттарды, сондай-ақ ішкі аудит қызметінен өз құқықтарын іске асыру және міндеттерін орындау үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды сұрату және алу;

6) Директорлар кеңесінің Төрағасын жазбаша хабардар ету арқылы өз өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы;

7) Заңдарда және Қоғамның Жарғысында көзделген өзге де құқықтар жатады.

10. Директорлар кеңесінің мүшесі міндетті:

- 1) Қоғамға қатысты өзін дұрыс ұстау;
- 2) хабардарлық, ашықтық негізінде, Қоғамның және Жалғыз акционердің мүдделері үшін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Қоғамның Жарғысы мен ішкі құжаттарына сәйкес әрекет ету;
- 3) корпоративтік мәселелер бойынша объективті тәуелсіз пайымдау шығару;
- 4) өзі дербес немесе өзінің аффилиирленген тұлғаларымен бірлесіп дауыс беретін акцияларды немесе үлестерді иеленетін заңды тұлғалар туралы ақпаратты Директорлар кеңесінің назарына жеткізу;
- 5) Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысу;
- 6) Директорлар кеңесінің Төрағасын не Қоғам Басқармасын Директорлар кеңесінің отырысына өзінің қатыса алмайтыны туралы алдын ала хабардар ету;
- 7) егер Қоғамның ішкі құжаттарында өзгеше белгіленбесе, өзіне белгілі болған, оның ішінде Қоғамдағы жұмыс тоқтатылған кезден бастап үш жыл ішінде құпия сипаттағы не коммерциялық құпия болып табылатын мәліметтерді жария етпеу;
- 8) өзінің аффилиирленгені және ондағы өзгерістер туралы уақтылы хабарлау;
- 9) өзінің мүдделілігі бар шешімдер қабылдаудағы мәселелер бойынша дауыс бермеу;
- 10) Директорлар кеңесіне Қоғаммен байланысты мәмілелерде, шарттарда, жобаларда кез келген жеке коммерциялық немесе өзге де мүдделілік (тікелей немесе жанама) туралы дереу хабарлауға міндетті.

11. Тәуелсіз директор Ереженің 22-тармағында көрсетілген тәуелсіз директордың критерийлеріне сәйкестігін жоғалтуға әкелетін әрекеттерді жасаудан аулақ болуға міндетті. Мұндай іс-әрекеттер жасалған жағдайда, сондай-ақ тәуелсіздік өлшемдеріне сәйкессіздіктің туындауына әкеп соққан мән-жайлар басталған жағдайда, ол 2 (екі) жұмыс күні ішінде бұл туралы Директорлар кеңесінің Төрағасын және Жалғыз акционерді жазбаша хабардар етуге міндетті.

12. Директорлар кеңесінің мемлекеттік қызметшілер болып табылатын және өз өкілеттіктерін лауазымдық міндеттеріне сәйкес жүзеге асыратын мүшелеріне, Директорлар кеңесінің Қазақстан Республикасының басқа қаласында көшпелі отырысы өткізілген жағдайда, олардың жол жүру және тұру ақысын төлеуге байланысты өтемақыларды қоспағанда, Қоғамның Жарғысында және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарында көзделген сыйақылар мен өтемақылар төленбейді.

13. Қоғамның Жалғыз акционері Тәуелсіз директорларға олардың Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын белгілеуі мүмкін.

#### **4. Директорлар кеңесінің құрамы, оның мүшелерін сайлау тәртібі, Директорлар кеңесінің мүшелеріне қойылатын талаптар**

14. Қоғамның акционері болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне акционердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған жеке тұлға Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайлануы мүмкін. Мұндай адамдардың саны Директорлар кеңесі құрамының елу пайызынан аспауға тиіс.

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша Жалғыз акционер сайлайды (тағайындайды).

15. Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттар мен Директорлар кеңесінің мүшелері Жалғыз акционер мен Қоғамның мүддесі үшін Директорлар кеңесінің тиімді жұмыс істеуі мақсатында өз міндеттерін орындау үшін қажетті тиісті жұмыс тәжірибесіне, біліміне, біліктілігіне ие болуға тиіс.

16. Келесі тұлғалар Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына сайлана алмайды:

- 1) заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;
- 2) бұрын басқа заңды тұлғаның Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (басқарма төрағасы), басшының орынбасары, бас бухгалтері болған, белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату немесе акцияларын мәжбүрлеп сатып алу немесе консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде.

Көрсетілген талап белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату немесе акцияларды мәжбүрлеп сатып алу немесе консервациялау туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл бойы қолданылады.

17. Директорлар кеңесінің сандық құрамын Жалғыз акционер белгілейді. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адамды құрайды. Директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде үштен бірі Тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

18. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Жалғыз акционердің шешімімен айқындалады. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Жалғыз акционер жаңа Директорлар кеңесін сайлау туралы шешім қабылдаған кезде аяқталады.

19. Басқарма Төрағасынан басқа Басқарма мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды, сондай-ақ Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

20. Директорлар Кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктері Жалғыз акционердің шешімімен мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

21. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесінің төрағасы көрсетілген хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.

22. Тәуелсіз директор болып сайланатын тұлға:

1) Қоғамның аффилирленген тұлғасы болып табылмаса және Қоғамның тәуелсіз директоры лауазымында болған жағдайды қоспағанда, өзі Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ол болып табылмаса;

2) Қоғамның аффилирленген тұлғаларына қатысты аффилирленген тұлға болып табылмайды;

3) Қоғамның немесе ұйымдардың – Қоғамның аффилирленген тұлғаларының лауазымды тұлғаларына бағыныстылықпен байланысты болмаса және Директорлар кеңесіне сайланудың алдындағы үш жыл ішінде осы тұлғаларға бағыныстылықпен байланысты болмаса;

4) мемлекеттік қызметші болып табылмайды;

5) Қоғам органдарының отырыстарында Жалғыз акционердің өкілі болып табылмайды және Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ол болып табылмаса;

6) аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде Қоғам аудитіне қатыспайды және өзі Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған болса.

23. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесі мүшелерінің арасынан Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның Жарғысында белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен жасырын дауыс беру арқылы сайланады.

24. Директорлар кеңесінің төрағасы:

1) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;

2) Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді;

3) отырыстарда хаттама жүргізуді ұйымдастырады;

4) Қоғам атынан Қоғамның Тәуелсіз директорларымен шарттар, сондай-ақ Басқарма Төрағасымен еңбек шартын жасасады;

5) Ішкі аудит қызметіне, Корпоративтік хатшыға тапсырмалар және/немесе тапсырыстар береді;

6) Директорлар Кеңесінің қызметіне тұрақты бағалау жүргізуді ұйымдастырады;

7) өзге де функцияларды орындайды.

25. Директорлар кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын отырысқа қатысушы оның мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданатын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

4-1-бөлім ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 20.11.2017 жылғы № 401 бұйрығымен енгізілген

#### **4-1. Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерінің қызметке кірісуінің тәртібі**

25-1. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелеріне жәрдем көрсетуге міндетті.

25-2. Қоғамның Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерінің қызметке кірісуінің тәртібі мынадай іс-шараларды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

1) Қоғамның, Директорлар кеңесінің, Басқарманың қызметімен танысу, оның ішінде: іс барысына енгізу және жұмыс ерекшеліктерін, басқа да мәселелерді талқылау үшін Директорлар Кеңесінің Төрағасымен, Директорлар кеңесінің мүшелерімен жеке кездесулер өткізу;

Басқарма Төрағасымен және мүшелерімен, Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшыларымен, қажет болған жағдайда сыртқы консультанттармен кездесулер өткізу;

Ішкі аудит қызметінің басшысымен кездесулер өткізу;

Корпоративтік хатшымен кездесулер өткізу және тұрақты өзара іс-қимыл жасау;

1) Төмендегілер туралы (туралы) ақпарат беру:

Қоғамдағы корпоративтік басқару практикасы, оның ішінде Қоғам органдарының өзара іс-қимыл жасау тәртібі, олардың жұмыс істеу қағидалары мен рәсімдері, ақпаратты ашу қағидағтары, кадр саясаты, Тәуекелдерді басқару саясаты және т.б.;

Директорлар кеңесінің құрамы мен қызметін, Директорлар кеңесі бекіткен ішкі құжаттар;

оның ішінде қаржы-шаруашылық қызметтің, даму стратегиясының нәтижелері бойынша;

Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің талап етуі бойынша өзге де ақпаратты қамтуы мүмкін.

25-3. Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесі сұратқан құжаттар сұрау салу келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде электрондық жеткізгіште не электрондық пошта арқылы ұсынылады.

#### **4-2. Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру тәртібі**

25-4. Директорлар кеңесінің мүшелері сыртқы және ішкі оқыту бағдарламаларына, семинарлар мен тренингтерге, конференцияларға, дөңгелек үстелдерге, форумдарға және Қоғам бюджетінде көзделген қаражат есебінен біліктілікті арттырудың басқа да нысандарына қатыса отырып, Қоғамның Директорлар кеңесі құзыретінің мәселелері және сабақтас мәселелер бойынша өз біліктілігін арттыруға құқылы.

25-5. Біліктілікті арттыру, сондай-ақ біліктілікті арттыру нысаны туралы шешімді Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыруда анықталған қажеттілік негізінде Директорлар кеңесі қабылдайды.

25-6. Корпоративтік хатшы барлық кезеңдерде Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыруды ұйымдастыруға көмек көрсетеді.

25-7. Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің сұрау салуы немесе Қоғамның Директорлар кеңесі комитетінің ұсынымы бойынша Директорлар кеңесі, егер Қоғамның Директорлар кеңесі қарайтын мәселе сыртқы кәсіби және тәуелсіз сараптаманы талап еткен жағдайда, Қоғамның Директорлар кеңесі және/немесе Қоғамның Директорлар кеңесі комитеттері құзыретінің жекелеген мәселелері бойынша консультациялар үшін сыртқы сарапшыларды тарту туралы шешім қабылдауға құқылы.

Бұл ретте, Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің сұрау салуында немесе Қоғамның Директорлар кеңесі Комитетінің ұсынымында консультация қажет болатын мәселе, сондай-ақ кәсіби консультация алу болжанатын ұйым көрсетілуге тиіс.

25-8. Қоғамның мүдделерін қозғамайтын жеке мәселелер бойынша Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің консультациялары үшін Қоғам қаражаты есебінен сыртқы сарапшыларды тартуға жол берілмейді.

#### **5. Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізу және шешімдерін ресімдеу тәртібі**

26. Директорлар кеңесі ұтымдылық, тиімділік және жүйелілік қағидатына сүйене отырып, жыл сайын жұмыс жоспарын бекітеді. Директорлар Кеңесінің отырыстары тұрақты түрде, бірақ жылына кемінде алты рет өткізілуі тиіс.

27. Директорлар кеңесінің отырысы оның Төрағасының немесе Басқармасының бастамасы бойынша немесе төмендегілердің талабы бойынша шақырылуы мүмкін:

- 1) Директорлар Кеңесінің кез келген мүшесі;
- 2) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым;
- 3) Жалғыз акционер;
- 4) Ішкі аудит қызметі.

28. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің Төрағасына ұсынылып отырған күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдарды қоса бере отырып, Директорлар кеңесі отырысының ұсынылып отырған күн тәртібін қамтитын тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады.

Директорлар кеңесінің Төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, Директорлар кеңесін шақырудың бастамашысы аталған талаппен Басқармаға жүгінуге құқылы, ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

29. Директорлар кеңесінің отырысы шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап он күннен кешіктірілмей шақырылуға тиіс.

30. Директорлар кеңесінің отырысы Директорлар кеңесін шақыру туралы талап қойған тұлғаны отырысқа міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

Директорлар кеңесінің отырыстарына Қоғамға аудит жүргізген аудиторлық ұйымның өкілдері, Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері, Басқарма мүшелері, Қоғам қызметкерлері, сондай-ақ өзге де адамдар шақырылуы мүмкін.

31. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы жазбаша хабарлама және отырыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша оған қоса берілетін материалдар Қоғамда

іс жүргізу мәселелерін регламенттейтін Қоғамның ішкі құжатының талаптарына сәйкес ресімделеді және Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік 7 (жеті) күннен кешіктірілмей пошта, электрондық немесе өзге де байланысты пайдалану арқылы жіберіледі.

32. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламада отырыстың өткізілетін күні, уақыты мен орны, оның күн тәртібі туралы мәліметтер, сондай-ақ бетпе-бет отырыс өткізу кезінде Директорлар кеңесі мүшесінің отырысқа қатыса алмайтын жағдайда, күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама жіберу арқылы дауыс беру мүмкіндігі туралы түсіндірме қамтылуға тиіс. Хабарламаға міндетті түрде күн тәртібіндегі мәселелер бойынша түсіндірме жазба мен материалдар қоса берілуге тиіс.

33. Егер Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше мүшесінің Директорлар кеңесінің отырысына жеке қатысуға мүмкіндігі болмаған жағдайда, олар техникалық байланыс құралдарын (бейнеконференция сеансы, телефондық конференц-байланыс және т.б. режимінде) пайдалана отырып, қаралатын мәселелерді талқылауға қатысуға, сондай-ақ күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша нақты белгіленген ұстанымы бар жазбаша хабарлама (пікір) ұсынуға құқылы.

Директорлар кеңесі мүшесінің жазбаша хабарламасы (пікірі) Директорлар кеңесінің Төрағасына не Директорлар кеңесінің отырысы өткізілгенге дейін Корпоративтік хатшыға жіберілуі мүмкін.

34. Директорлар кеңесінің мүшесі ұсынған жазбаша хабарлама (пікір) кворумды және дауыс беру қорытындыларын есептеу кезінде ескеріледі және отырыстың хаттамасына тігіледі.

35. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде жартысын құрауға тиіс. Директорлар кеңесінің отырысына міндетті түрде тәуелсіз директорлардың жалпы санының кемінде жартысы мөлшерінде тәуелсіз директорлар қатысуға тиіс.

Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы тармақта айқындалған кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесі Жалғыз акционердің қарауына Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау (тағайындау) мәселесін шығаруға міндетті.

36. Егер кворум болмаған жағдайда, Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесі отырысының мерзімін ауыстыру туралы шешім қабылдайды.

Күн тәртібін бекіту отырысқа қатысатын Директорлар кеңесі мүшелерінің қарапайым көпшілік даусымен жүзеге асырылады.

37. Директорлар кеңесінің отырысында мәселелерді шешу кезінде Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады. Директорлар кеңесі мүшесінің дауыс беру құқығын Директорлар кеңесінің басқа мүшесіне не өзге тұлғаға беруіне жол берілмейді.

38. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесінің шешімдері отырысқа қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.

Дауыстар тең болған кезде Директорлар кеңесі Төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысына төрағалық етуші адамның дауысы шешуші болып табылады.

39. Қоғамның ірі мәмілені не Қоғам жасауға мүдделілік бар мәмілені жасасуы туралы шешімді «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесі қабылдайды.

40. Қоғамның жасалуына мүдделілік бар мәмілені жасасуы туралы шешім оны жасауға мүдделі емес Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.

41. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын жабық отырыс өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.



42. Директорлар кеңесінің қатысу тәртібімен өткізілген отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған отырыс өткізілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде отырысқа төрағалық еткен тұлға және корпоративтік хатшы жасауға және қол қоюға тиіс.

Директорлар Кеңесінің шешімінде мыналар болуы тиіс:

- 1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырыстың өткізілетін күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа (сырттай дауыс беруге) қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың (сырттай дауыс берудің) күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер және Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесі көрсетілген олар бойынша дауыс беру қорытындылары жатады;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер болуға тиіс.

43. Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын (сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешім) осы Ереженің 42-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес Корпоративтік хатшы, ал ол болмаған жағдайда Директорлар кеңесінің Төрағасы не Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші айқындаған тұлға жүргізеді және ресімдейді.

44. Директорлар кеңесі төрағасының қалауы бойынша Директорлар кеңесінің оның қарауына шығарылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауы сырттай дауыс беру арқылы мүмкін болады.

44-1-тармақ ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 20.11.2017 жылғы № 401 бұйрығымен толықтырылды.

44-1. осы Ереженің 7-тармағы 1), 2), 3), 4), 5), 8), 9), 10), 11), 12,) 13), 17), 19), 21), 22) тармақшаларда көрсетілген мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдауға жол берілмейді.

Бұл ретте, отырыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша сырттай дауыс беру үшін іс жүргізу тәртібін регламенттейтін Қоғамның ішкі құжатына сәйкес ресімделетін бюллетеньдер пайдаланылады.

45. Корпоративтік хатшы күн тәртібіндегі мәселелер бойынша тиісті материалдармен бірге сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді сырттай дауыс беру үшін дауыстарды санау күніне дейін күнтізбелік 7 (жеті) күннен кешіктірмей, оның өткізілетіні туралы хабарлай отырып, Директорлар кеңесінің мүшелеріне жібереді.

46. Дауыстарды санау кезінде Директорлар кеңесінің мүшесі бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің тек бір ғана ықтимал нұсқасын белгілеген мәселелер бойынша дауыстар есептеледі.

47. Белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған кезде шешім сырттай дауыс беру арқылы қабылданды деп танылады.

48. Сырттай дауыс беру арқылы Кеңестің шешімі бюллетеньдер ұсынылған соңғы күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ресімделеді және оған Директорлар кеңесінің төрағасы мен корпоративтік хатшы қол қояды.

49. Шешім ресімделген күннен бастап жиырма күн ішінде ол Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуге тиіс, оларға осы шешімді қабылдауға негіз болған бюллетеньдердің көшірмелері қоса беріледі.

50. Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселе бойынша мүдделілігі бар Директорлар кеңесінің мүшесі осы мәселе бойынша дауыс беруге қатыспайды, бұл туралы Директорлар кеңесі отырысының хаттамасында тиісті жазба жасалады.

51. Бетпе-бет отырыстардың хаттамалары мен Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімдер Қоғамда корпоративтік хатшыда сақталады және жыл аяқталғаннан кейін белгіленген тәртіппен Қоғамның мұрағатына тапсырылады.

52. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша немесе Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің жазбаша сұрау салуы бойынша танысу үшін корпоративтік хатшының қолымен және Қоғам мөрінің бедерімен куәландырылған Директорлар кеңесі отырысы хаттамасының (сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімнің) көшірмелерін және (немесе) үзінді көшірмелерін ұсынады.

53. Мүшелердің көпшілігінің пікірімен келіспейтінін білдірген Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі отырыс, сырттай дауыс беру аяқталған кезден бастап 24 сағат ішінде Корпоративтік хатшыға оны хаттамаға қоса тіркеу үшін жазбаша нысанда өзінің ерекше пікірін беруге құқылы.

Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі оған сот тәртібімен дау айтуға құқылы.

54. Жалғыз акционер Қоғамның Директорлар кеңесінің Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғам Жарғысының талаптарын бұза отырып қабылдаған шешіміне, егер аталған шешім Қоғамның және (немесе) Жалғыз акционердің құқықтарын бұзса, сотта дау айтуға құқылы.

5-1 бөлім. ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 20.11.2017 жылғы № 401 бұйрығымен енгізілген

### **5-1. Директорлар кеңесінің қызметін бағалау**

54-1. Директорлар кеңесі жыл сайын өз жұмысына, директордың әрқайсысына жан-жақты баға береді. Бағалау нәтижелері Директорлар кеңесінің отырысында талқыланады. Тәуелсіз директорларды қоспағанда, Директорлар мүшелерінің ешқайсысы өз қызметін бағалау процесіне тартылмауға тиіс.

54-2. Директорлар кеңесі Төрағасының жұмысы жыл сайын тәуелсіз директорлардың бірінің төрағалығымен Директорлар кеңесінің отырысында қаралады.

54-3. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесі мүшелерінің күшті және әлсіз жақтарын мойындай отырып, Директорлар кеңесінің қызметін бағалау нәтижелерін ескере отырып әрекет етуге және қажет болған кезде Жалғыз акционерге өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға және Директорлар кеңесіне жаңа мүшелерді сайлауға бастамашылық жасауға тиіс.

5-2 бөлім. ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 20.11.2017 жылғы № 401 бұйрығымен енгізілген

### **5-2. Жалғыз акционермен және Басқармамен өзара қарым-қатынас**

54-4. Жалғыз акционердің өз құзыреті шеңберінде қабылдаған шешімдері Директорлар кеңесі үшін міндетті болып табылады. Директорлар кеңесі жыл сайын Жалғыз акционердің алдында өткен жылдың қорытындылары бойынша атқарылған жұмыс туралы есеп беру жолымен өз қызметі туралы есеп береді.

54-5. Қоғамның жылдық есебінің құрамына енгізілетін және Жалғыз акционерге ұсынылатын Директорлар кеңесінің жылдық есебінде мынадай ақпарат көрсетіледі, бірақ онымен шектелмейді:

- 1) Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің құрамы;
- 2) Директорлар кеңесі мен оның комитеттері отырыстарының саны, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшелерінің әрқайсысының Директорлар кеңесінің және өзі құрамына кіретін Комитеттің отырыстарына қатысуы;
- 3) Директорлар кеңесі комитеттерінің жұмысы туралы, оның ішінде Директорлар кеңесінің комитеттердің жекелеген ұсыныстарын және/немесе ұсынымдарын қабылдамау негіздерін көрсете отырып есеп беру;
- 4) Директорлар кеңесі қабылдаған мәселелер, сондай-ақ шешімдері Басқарма Төрағасына берілген мәселелер бойынша толық ақпаратты қоса алғанда, Директорлар кеңесінің жұмысы туралы есеп;
- 5) Қоғамның ұстанымын және оның даму перспективаларын бағалау;
- 6) Директорлар кеңесінің қызметіне бағалау жүргізу процесі.

## **6. Директорлар кеңесі мүшелерінің жауапкершілігі**

55. Директорлар кеңесінің Төрағасы мен мүшелері төмендегіде санамаланғандардың нәтижесінде келтірілген залалдарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, өздерінің әрекеттерінен (әрекетсіздігінен) келтірілген залал үшін Жалғыз акционер мен Қоғам алдында Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады:

- 1) жаңылыстыратын ақпарат немесе көрінеу жалған ақпарат беру;
- 2) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген ақпаратты беру тәртібін бұзу;
- 3) жосықсыз іс-әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі нәтижесінде, оның ішінде олардың не үлестес тұлғалардың Қоғаммен осындай мәмілелер жасасу нәтижесінде пайда (кіріс) алуы мақсатында Қоғам залалдарының туындауына әкеп соққан ірі мәмілелерді және (немесе) мүдделілік болуына орай мәмілелер жасасу туралы шешімдер жасасуға және (немесе) қабылдауға ұсыныстар.

56. Директорлар кеңесінің мүшелері, егер олар шешімге қарсы дауыс берсе немесе Қоғамға залал келтіруге әкеп соққан дауыс беруге қатыспаса, жауапты болмайды.

57. Қоғам Жалғыз акционердің шешімі негізінде заңнамада белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесінің мүшесіне өзі Қоғамға келтірген зиянды не залалдарды өтеу туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

## **7. Қорытынды ережелер**

58. Ережені бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатады.

59. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасын немесе Қоғам Жарғысын өзгерту нәтижесінде Ереженің жекелеген шарттары оларға қайшы келетін болса, онда Ереженің мұндай шарттары Ережеге тиісті өзгерістер енгізілген кезге дейін күшін жояды, Директорлар кеңесінің мүшелері Қазақстан Республикасының заңнамасын және Қоғам Жарғысын басшылыққа алады.

---